«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10, E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10, E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

6.11.2026 № 16-02-1971

Т. Рысқұлов ауданының білім бөлім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының басшыларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2026 жылғы 14 қыркүйектегі №03-4352 хатына сәйкес, төмендегілерді хабарлайды:

Облыс прокурорының өкімімен облыс аумағында орналасқан білім беру ұйымдарында «Заң мен тәртіп» оқу курстарын жүзеге асыру және тәлімгерлердің жұмысын үйлестіру үшін мобильдік топтар мен тәлімгерлер тізімі бекітілді.

Облыстың әрбір білім беру ұйымына 71 прокуратура қызметкері, 296 учаскелік полиция инспекторы, 131 кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі полиция инспекторы, 109 криминалдық полиция қызметкері, 3 Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің өкілі тәлімгер ретінде бекітілді. Тізімі қоса ұсынылады.

Жаңа Конституцияға сәйкес 2026–2027 оқу жылынан бастап «Заң мен тәртіп» курсы 8-сыныптарда аптасына 0,25 сағат (оқу жылында 9 сағат), 9-сыныптарда аптасына 0,5 сағат (оқу жылында 17 сағат), 10-сыныптарда аптасына 0,5 сағат (оқу жылында 17 сағат), 11-сыныптарда аптасына 0,5 сағат (оқу жылында 17 сағат) көлемінде оқытылуда.

Осы сабақтарға облыс прокурорының өкімімен мектептерге бекітілген тәлімгерлердің қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Сабақтардың өткізілуі және оларға тәлімгерлердің қатысқандығы туралы мәліметтерді, тәлімгерлермен жүргізілген жұмыстар бойынша есептерді **әр айдың 8-і мен 27-і күндері** білім бөліміне ұсынуларыңызды сұраймыз.

Қосымша: Өкім. Мобильдік топ құрамы. Тізімдер.

Басшының міндетін уақытша атқарушы **А.Базаркулова**

Орындаған: Г.Жамалбекова